

Жоюға жататын мемлекет қатысқан мемлекеттік кәсіпорындар, шаруашылық серіктестіктердің қызметкерлерін жұмыспен қамту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 16 тамыз N 1128. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Жоюға ұсынылған мемлекет қатысқан мемлекеттік кәсіпорындар, шаруашылық серіктестіктерді іріктеудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 652 қаулысына сәйкес жоюға жататын мемлекеттік кәсіпорындар, шаруашылық серіктестіктердің қызметкерлерін жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі облыстардың, Алматы қаласының әкімдерімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен тиісті министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволармен және жойылатын кәсіпорындардың өкілдерімен бірлесіп:

жойылуға жататын кәсіпорындардың босаған қызметкерлерін осы елді мекеннің немесе облыстың еңбек рыногының қажеттеріне сәйкес келешекте одан әрі жұмысқа орналастыру немесе жеке кәсіпкерлікпен шұғылдануға қайта оқыту жөніндегі шараларды жүзеге асырсын;

жеңілдікті шарттармен бастапқы алғы шарттар (кредиттер, лизинг инвестицияларын, жер учаскелерін, үй-жайлар, жабдықтар және т.с.с. бөлу) жасау арқылы көмек көрсетсін;

босаған жұмыс күшінің біліктілік құрылымын, сондай-ақ республика кәсіпорындарының шетелдік жұмыс күшін пайдаланудың заңдылығын ескеріп, облыс кәсіпорындарында жаңа жұмыс орындарын құру мүмкіндігін қарастырсын . Шетелдік жұмыс күшін пайдалану туралы заңдар бұзылғаны анықталған жағдайда оларды жою және заңсыз алынған орындарға жоюға жататын кәсіпорындарда босаған азаматтарды жұмысқа орналастыруға көмектесу жөнінде шаралар қабылдасын ;

босаған қызметкерлердің саны 200-ден асатын кәсіпорындарды жою кезінде бұл кәсіпорындарда босаған қызметкерлерді есепке алу және кәсіптік бағдарлау жөнінде уақытша пункттер ашсын.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 652 қаулысына сәйкес құрылған Дәрменсіз кәсіпорындарды

сауықтыру және жою жөніндегі облыстық комиссиялар жоюға жататын кәсіпорындардан босаған қызметкерлердің еңбегін одан әрі пайдалану жөнінде ұсыныстар, сондай-ақ жою комиссиялары мен мемлекеттік жұмыспен қамтамасыз ету қызметінің органдары жүргізілген шаралардың әлеуметтік зардаптарын жеңу жөнінде ұсынымдар әзірлесін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыстардың, Алматы қалалық әкімшіліктеріне және Қазақстан Республикасының еңбек министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі